

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қарашадағы N 1407 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Z952198_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63-64-құжаттар; 2001 ж., N 8, 52-құжат):

14-баптың төртінші бөлігінде "тұлғаны" деген сөзден кейін "немесе заңды тұлға - табиғи монополия субъектісін" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Z980272_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

1) кіріспесіндегі "табиғи монополиялардың іс-әрекетін" деген сөздер "табиғи монополия саласындағы іс-әрекетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мәтіндегі "бағалар мен тарифтердің", "бағалардың, тарифтердің", "бағалар мен тарифтерге", "бағаларды (тарифтерді)", "бағалар мен тарифтер" деген сөздер тиісінше "тарифтердің", "тарифтердің", "тарифтерге", "тарифтерді", "тарифтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-бап мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілері мүдделерінің теңдестірілуіне қол жеткізу";

4) 3 - бапта:

2) тармақшада "дауыс беретін акциялардың, үлестердің" деген сөздер "табиғи монополия субъектісінің дауыс беретін акцияларының, үлестерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2), 5-3), 5-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) табиғи монополия саласы - жеке немесе заңды тұлға табиғи монополия субъектісі болып танылуы мүмкін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) рыногында туындайтын қоғамдық қатынастар саласы;

5-2) тариф - уәкілетті орган белгіленген тәртіппен бекіткен, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төмендету (көтеру) коэффициенттерін қолдану жолымен табиғи монополия субъектісінің қызметтерін тұтыну көлемдеріне қарай өзгеруі мүмкін табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне қойылатын баға (алым ставкасы);

5-3) уақытша өтемдік (төмендету) тарифтер - уәкілетті орган белгіленген тәртіппен бекіткен, табиғи монополия субъектісі қызметтерінің тарифтерін заңсыз көтере отырып, тұтынушыларға келтірілген залал мен шығындарды өтеу үшін қолданылатын тарифтер;

5-4) тарифтік смета - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген үлгі нысанға сәйкес жасалған және тарифтерді бекіту кезінде табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға ұсынатын табиғи монополия субъектісінің кірісі мен шығысының баптары туралы жиынтық деректер";

б) тармақшада "монополиялар субъектілерінің іс-әрекетін" деген сөздер "монополия саласындағы іс-әрекетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 4 - баптың 1 - тармағында:

1) тармақшада "және" деген шылаудан кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) газды немесе газ конденсатын сақтау, магистральдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы тасымалдау, газ бөлуші қондырғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану";

3) тармақша "электр және", "беру мен" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) жылу энергиясын жылу қазандықтарында, өндірістің аралас үлгідегі станцияларында өндіру;

3-2) электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер;" ;

4) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) магистральдық темір жол желілері мен кірме жолдардың қызметтері;

6) жалпы қол жетер байланыс қызметтерін ұсыну;" ;

7) тармақша "және" деген сөзден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

6) 5 - б а п т а :

1), 2), 3), 6) тармақшалар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) егер бұл табиғи монополия субъектісінің қызметтері (тауарлары, жұмыстары) тарифтерінің көтерілуіне әкеп соғатын болса, ұсынылып отырған қызметтерге (өндіріліп отырған тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығын үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады." ;

7) 6 - б а п т а :

"Табиғи монополия субъектісінің." деген сөздердің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органмен келісім бойынша табиғи монополия субъектісі:

1) табиғи монополия субъектісінің негізгі қызметіне қатысы жоқ қызметтер көрсетуге және өзге де қызметті жүзеге асыруға;

2) табиғи монополия субъектісінің өнім өндіруі мен қызметтер ұсынуына байланысы жоқ мүлікті меншігінде және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығында ұстауға ;

3) мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан басқа коммерциялық ұйымдардың акцияларын (үлестерін) иеленуге немесе олардың қызметіне өзгеше түрде қатысуға ;

4) негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен айыруға және онымен өзге де мәмілелер жасауға құқылы." ;

8) 7 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) шығындары табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер қалыптастыру кезінде ескерілетін материалдық, қаржылық ресурстарды (халықаралық қаржы ұйымдары беретін гранттар, заемдар және несиелерінен басқа), қызметтер мен жабдықтарды тендерлік (конкурстық) негізде сатып алуды жүзеге асыруға. Тендерді (конкурсты) өткізу тәртібін және табиғи

монополия субъектісіне тендер (конкурс) өткізбестен қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) олардан төмен сатып алуға рұқсат етілетін шекті сомаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;" ;

б) тармақша "қоғамдық" деген сөзден кейін ", экологиялық" деген сөзбен толықтырылсын ;

7), 8) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі 90 күннен кешіктірмей, аудиторлық ұйымдардың (аудиторлардың) қаржы тексерулерін (міндетті аудит) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген аудит жүргізу шартына қосымша талаптарға сәйкес жүргізуі; тексеру нәтижелерін және жылдық қаржы есептілігін заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялауға құқығы бар мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға;

8) тұтынушылармен қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға арнап Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шартқа сәйкес шарттар жасасуға;

9) көрсетілетін коммуналдық қызметтерді есепке алу аспаптарын сатып алуға және тұтынушыларға орнатуға; тұтынушылар сатып алған және орнатқан есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсету мен салыстырып тексеруді жүргізуге міндетті.

Көрсетілген мақсаттарға жұмсалған шығындарды уәкілетті орган реттейді және табиғи монополия субъектісінің қызметтерінің тарифіне енгізеді;" ;

мынадай мазмұндағы 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) тарифтік сметада көзделген шығыстар баптарынан асырмауға;

11) тарифтерді көтеру туралы өтініммен уәкілетті органға жүгінерден 10 күн бұрын Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялауға құқығы бар мерзімді баспасөз басылымдарында осы жүгінімді жасау ниеті туралы хабарды жариялауға ;

12) тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін өзінің инвестициялық бағдарламаларын және даму жоспарларын, сондай-ақ есепке алу саясатын, негізгі құралдарды қайта бағалау жүргізуді уәкілетті органмен келісуге міндетті." ;

9) 8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мүліктің иеліктен айрылуы, сонымен бірге мүлікпен жасалған басқа мәміле тұтынушылармен жасалған шарттардың бұзылуына немесе қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуге немесе тауарларды, жұмыстарды өндіру, қызметтерді ұсыну көлемінің тоқтауына не елеулі төмендеуіне әкеп соқпайтын жағдайда уәкілетті органмен келісе отырып, табиғи монополия субъектісінің мүлкін толық немесе ішінара иеліктен айыруға болады." ;

10) 9 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табиғи монополия субъектісі қайта құру немесе тарату заңды күшіне енген сот шешіміне сәйкес жүргізілген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның келісімін алғаннан кейін ғана Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта құрылуы немесе таратылуы мүмкін."

2 - тармақ алынып тасталсын;

11) 11-баптың 2-тармағы "Табиғи монополия субъектісінің" деген сөздерден кейін " (мемлекеттік органдардан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

1 2) 1 2 - б а п т а :

1 - тармақ алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

"тәртібі мен оның құрылымын" деген сөздер "тәртібін" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"бекітеді" деген сөз мемлекеттік тілдегі нұсқада өзгеріссіз қалады;

1 3) 1 3 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) табиғи монополия саласында тарифтер белгілеудің кемсітпейтін әдістемелерін әзірлейді, бекітеді және қолданады;"

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) табиғи монополиялар туралы заңдарды қолдану практикасын қорытады, соның негізінде әдістемелік ұсынымдар шығарады.";

1 4) 1 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) табиғи монополиялар субъектілеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тұтынушылармен шарттар жасасуы туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы, олардың осы Заңды бұзатын әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) нәтижесінде алған табысын мемлекеттік бюджетке аудару туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;

6) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, табиғи монополия субъектісінің мүлкін меншіктенушіге немесе меншіктенуші уәкілдік берген органға, құрылтайшыларға (қатысушыларға), сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің құрылтай құжаттарында осыған уәкілдік берілген органдарға бөліп шығару, бөлу нысанында қайта ұйымдастыру жүргізу туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізуге;"

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2) және 9-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылармен жасасатын үлгі шарттарын әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынуға ;

9-2) табиғи монополия субъектісін тексеру нәтижелері бойынша оның қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді қайта қарау және бекіту туралы шешім қабылдауға;

9-3) белгіленген тәртіппен табиғи монополия субъектілерінің тендерлер өткізуін бақылауға, табиғи монополиялар туралы заңдар бұзылған жағдайларда оларға тендерлер (конкурстар) нәтижелерінің күшін жою талаптарымен нұсқамалар енгізуге;"

15) 15 - бапта :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тарифтерді және тарифтік сметаны бекіту;"

3) тармақшада "заңдарында" деген сөз "заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 16 - бапта :

2-тармақта "45" деген сан "60" деген санмен ауыстырылсын;

3-тармақта "30" деген сан "45" деген санмен ауыстырылсын;

17) 18-бапта 3-тармақта "тоқсанына" деген сөз "2 тоқсанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Тарифтерді бекітудің ерекше тәртібі

1. Уәкілетті органның жаңадан құрылған табиғи монополия субъектісі үшін тарифтер бекітуі Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген оңайлатылған тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте табиғи монополия субъектісі жарты жылдан кейін тарифтерді қайта қарау үшін жалпы тәртіпте өтініммен жүгінуге міндетті.

2. Уәкілетті орган өзі жүргізген тексеру материалдарының негізінде табиғи монополия субъектісі үшін уақытша өтемдік (төмендету) тарифтерді енгізу туралы не жаңа тарифтерді бекіту туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген тарифтерді енгізу осы Заңның 18-бабының 2 және 4-тармақтарында көзделген хабарлау мерзімдерін сақтай отырып, келесі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.";

19) 20 - бапта :

тақырыпта "Табиғи монополия субъектісі басшысының" деген сөздер "Табиғи монополия субъектісінің және оның басшысының" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте "Табиғи монополиялар субъектілерінің басшылары" деген сөздер "Табиғи монополиялар субъектілері және олардың басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Z980304_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат):

14-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Табиғи монополия субъектісіне аудит жүргізу шарты табиғи монополиялар туралы заңдарда белгіленген қосымша талаптарға да сәйкес болуға тиіс."

4. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық Кодексіне К990409_ (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16, 17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2000 ж., N 10, 244-құжат; N 22, 408 - құжат) :

483-баптың 1-тармағы "шарты" деген сөзден кейін "табиғи монополия саласындағы қызметті реттейтін заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК